Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 747 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес, Қостанай ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оған қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

Аудан әкімі *Т. Исабаев*

Қостанай ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 747 қаулысына қосымша

Аудан әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернат ұйымдарының кәмілетке толмаған түлектерге жұмыс орындарына квотасын белгілеу туралы" Қостанай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 209 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-149 тіркелген, 2011 жылғы 13 мамырдағы "Арна" аудандық газетінде жарияланған);

2. "Мүгедектер үшін жұмыс орны квотасын белгілеу туралы" Қостанай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 46 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-166 тіркелген, 2012 жылғы 24 ақпандағы "Арна" аудандық газетінде жарияланған);

3. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерге жұмыс орындарына квотасын белгілеу туралы" әкімдіктің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 209 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қостанай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 284 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-176 тіркелген, 2012 жылғы 5 шілдедегі "Арна" аудандық газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК